

"2009 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 25 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 357 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 8 шілдеде № 9-4-147 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 5 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 05.01.2010 № 1 қаулысымен (қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес және халықты әлеуметтік қорғаудың нысандарын анықтау кезінде бірыңғай тұрғысын жасау мақсатында Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" әкімдіктің 2009 жылғы 20 қаңтардағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9 -4-137 болып тіркелген, 2009 жылғы 26 ақпандағы № 9 "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың тізбесі мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"жұмыс берушінің таратылуына, жұмысшылар санының немесе штатының қысқартылуына байланысты босатылғандар;

толымсыз жұмыс уақыты тәртібінде жұмыспен қамтылған тұлғалар;

ұзақ уақыт (бір жылдан артық) жұмыс істемеген тұлғалар;

жұмыс тәжірибесіз өткен жылғы мектеп бітіруші түлектер;

18 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналар".

2. Осы қаулы оны алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

В. Полешко

КЕЛІСІЛДІ:

"Лисаков қаласы әкімдігінің жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Л. Сидорова
2009.06.16

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК